Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен «Үй жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету» қызметін жүзеге асыру бойынша

ТҮСІНІКТЕМЕ ХАТ

Бүгінгі таңда Абай облысының Семей, Аягөз қалаларында және Үржар, Ақсуат ауылдарында мемлекеттік тапсырыс шеңберінде үкіметтік емес ұйымдармен 552 мүгедектігі бар адамдар, балалар және жалғыс басты қарт адамдар қамтылған.

Мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсететін «Ақ Ұлпа аналары» ҚБ, «Мархабат.KZ» мүгедектер Қоғамы» ҚБ, «Зайсан жастары» мүгедек жастардың қоғамы» ҚБ, «Асыл» ҚБ жұмыс істеп тұр.

Орталықтар өз тарапынан әлеуметтік бейімделуге, педагогикалық, психологиялық көмек алуға, сандық сауаттылықты игеруге және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетеді Сонымен қатар, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету нысанында мақсаттарына сәйкес келетін ұқсас қызметтерді көрсету нарығында екі жылдан астам жұмыс тәжірибелері бар.

Алайда, қазіргі уақытта Абай облысының Семей қаласының егде жасына байланысты өзіне қызмет көрсетуге мүмкіндігі жоқ адамдардан үйде болу жағдайындағы қызмет көрсету қызметіне көптеген өтініштер келіп түсуде *(38 өтініш)*.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс алуға арналған конкурс (бұдан әрі - конкурс) рәсімдерінің ұзақ мерзімге созылуына байланысты, қызмет алушылардың арасында әлеуметтік шиеленіс туындауда.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 41 – бабының 1), 2) тармағында көзделген негіздерге сәйкес, тапсырыс беруші ретінде осы қоғамдық бірлестіктермен мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі қарастырылған.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Заңының 7-тарауы 39 бабының 3) тармағының 28-тармақшасы, және 41 – бабына, осы Заңның 4-бабының 1) тармақшасында көзделген, мемлекеттік сатып алуды **мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен** мемлекеттік сатып алудың қағидаттарын сақтай отырып, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының 19-тарауының 3-параграфына сәйкес **тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру көзделді.**

Абай облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы басшысы **А. Султанова**

Орын. А. Ескалмасова
Тел. 87072900701